

Кеңес беру пунктiнiң есебi

Мектепке дейiнгi ұйымдар қызметiнiң үлгiлiк қағидалары негiзiнде және мектепке дейiнгi ұйымдарға бармайтын мектеп жасына дейiнгi балаларды тәрбилеп отырған отбасыларға әдiстемелiк, диагностикалық және консультациялық көмек көрсетiледi.

«Балдырған» бөбекжай-бақшасында 2024-2025 жылдан бастап, мектепке дейiнгi ұйымдарға бармайтын мектеп жасына дейiнгi балаларды тәрбилеп отырған ата-аналарға кеңес беру пунктi ашылды.

Кеңес беру пунктiң негiзi мақсаты:

мектеп жасына дейiнгi балаларды үйде тәрбиелеп отырған отбасыларға диагностикалық, консультациялық және әдiстемелiк көмек көрсету.

Негiзгi мiндеттерi:

- мектеп жасына дейiнгi баланың жан-жақты дамуы мәселелерi бойынша ата-аналарға (занды өкiлдерге) әдiстемелiк көмек көрсету, мектеп жасына дейiнгi балаларды әлеуметтендiруге ықпал ету;
- ата-аналарға (занды өкiлдерге) бiр жастан бастап бiрiншi сыныпқа қабылданғанға дейiн балаларды тәрбиелеу, оқыту мәселелерi бойынша консультациялық көмек көрсету;
- ата-аналарға (занды өкiлдерге) диагностикалық көмек көрсету, мектеп жасына балалардың дамуындағы мәселелердi анықтау және диагностикалау;
- мектеп жасына дейiнгi балалардың дене бiтiмi, психологиялық және әлсуметтiк дамуындағы әртүрлi ауытқулардың алдын алу;
- мектеп жасына дейiнгi балаларды үйде тәрбиелеп отырған ата-аналарға (занды өкiлдерге) ақпараттық қолдау көрсету;
- тәрбиеленушiнiң толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшiн отбасымен тығыз ынтымақтастық орнату болып табылады.

Қазақстан Республикасы бiлiм және ғылым министрлiгi балаларды ерте дамыту институты «Мектепке дейiнгi тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған балалардың ата-аналарымен жұмыс ұйымдастыру бойынша консультациялық пунктерге арналған нұсқамаға» негiзделе отырып, «Балдырған» бөбекжай-бақшасында ата-аналарға арналған кеңес беру пунктi құрылып, мамандар мен бiлiм беру –тәрбие процесiне қатысушылар арасындағы өзара әрекеттесу ретiндегi консультация пунктiң жұмысын жүргiзетiн құрамы құрылып, төрайымы тағайындалды.

Олар:

Меңгерушi

Әдiскер

Педагог-психолог

Жоғары санатты Тәрбиешілер
Мейірбике
Музыка жетекшісі

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМНЫҢ САЙТЫНА , әлеуметтік желілерге хабарландырулар, презентациялар мен Балалақша туралы виртуальды видео роликтер жарияланды.

Осы негізде мектеп жасына дейінгі балабақшаға бармайтын ата-аналардың тізімі анықталып,

барлығы 22 ата-ана,

24 бала тіркеуге алынды. Оның ішінде: 2021-1 бала, 2022-11 бала, 2023-9 бала, 2024-1 бала, 2025-2 бала тіркелді.

Мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбилеп отырған отбасыларға әдістемелік, диагностикалық және консультациялық көмек көрсету негізінде кеңес беру пунктінің бұрышы жасақталып, ата-аналарға толық мәліметтер ілінді.

Консультациялық пункт мамандарының жұмыс кестесі бекітілді. Консультация алуға күнделікті дүйсенбі- жұма аралығында сағат 09.00-12.30 аралығында хабарласып, тіркеле алады.

КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ ПУНКТ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ НЫСАНДАРЫ:

- ата-аналардың (занды өкілдердің) сұранысы бойынша қажетті жеке және топтық консультациялар беру;
- жазбаша өтініш бойынша сырттай консультация беруді ұйымдастыру;
- ата-аналар (занды өкілдер) үшін дәрістер, теориялық және практикалық семинарларды ұйымдастыру;
- мектепке дейінгі ұйымның сайтына орналастыру арқылы консультациялар мен әдістемелік ұсынымдар беру;
- балабақша мамандарының мектеп жасына дейінгі балаларға диагностикалық зерттеу жүргізу.

Консультациялық пункттің қызметін тіркеу үшін жүргізілетін құжаттамалар:

- ата-аналардың алдын-ала жазылу журналы;
- өткізілген іс-шаралар кестесі;
- ата-аналардың өтініштерін есепке алу журналы;
- консультациялық пункттің жұмыс жоспары;
- консультациялық пункттің жұмыс кестесі;
- жыл бойғы жұмысты талдау.

Диагностикалық көмек беру

- баланы психологиялық-педагогикалық зерделеу;
- бала тұлғасының жеке ерекшеліктері мен бейімділігін, оның әлеуетті мүмкіндіктерін айқындау;
- сонымен қатар дамуындағы, әлеуметтік бейімделуіндегі бұзушылықтардың себептері мен тетіктерін анықтау;
- баланы одан әрі дамыту және тәрбиелеу бойынша ұсынымдар әзірлеу.

Консультациялық көмек беру

- психологиялық;
- әлеуметтік;
- педагогикалық;
- ата-аналарды (заңды өкілдерді) бала дамуының физиологиялық және психологиялық ерекшеліктері;
- тәрбиенің негізгі бағыттары;
- күйзеліс жағдайларын еңсеру туралы хабардар ету.

Әдістемелік көмек беру

- ❖ ата-аналарды (заңды өкілдерді) ағарту, ата-аналарды туындайтын отбасылық мәселелердің алдын алуға;
- ❖ ата-аналардың педагогикалық мәдениетін қалыптастыруға;
- ❖ отбасында жағымды қарым-қатынастарды қалыптастыруға бағытталған педагогикалық әдістер мен тәсілдер туралы хабардар ету;
- ❖ ата-аналарды отбасы жағдайында тәрбие процесін ұйымдастыруға;
- ❖ үйрестуге бағытталған баланың жеке даму ерекшеліктері негізінде түзету және дамыту технологияларымен таныстыру.

Мамандар балалардың даму ерекшеліктерін анықтап, балабақша немесе мектепке дайындаудың жолдарын таңдауға, сондай-ақ құрбы-құрдастарымен және ересектермен қарым - қатынасындағы мәселелерін шешуге толық көмек көрсетті.